

Н ТУЫ

КОМИТЕТИНИҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
РОПЛАВ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНИҢ ГАЗЕТИ

январь Жексенбі

шығуына 32 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Ленин—Сталин идеясымен совет халқы
лық елдер еңбекшілері тәрбиеленуде. Ленинизм
рымен рухтанған Совет Одағының халықтары
виктердің ұлы партиясының басшылығымен, Сталин
жолдастың бастауымен коммунизмге қарай сенім
алға басып келеді.

Еңбекшілерге коммунистік жолдың негізі

Қ халықтары тілінде
мұнда, бұл шығармалар
ілігі, олардың қуатты
олып табылады. Мил-
адамдары марксизм-
герінің шығармаларын
үйренуде. Ол шығар-
нім алады, жұмысшы
жолындағы күресте
ымыздың ең маңызды
итар табады. Ленин-
мунизм ісі үшін күрес-
пен еркіне қанат бі-
лесенділігін, олардың
еусіз өсіреді.
шілерге коммунистік
зі. Оның өмір орнық-
коммунизм құрушы
қыймылға бастайды.
жасайтын ісін ілгері
олдас былай деп жаз-
еміміз Ильичті есте
, оқып үйреніңдер.
улармен Ильичше кү-
ңдар.
да құрылысты, жаңа
жасаңдар.
ентай нәрседен еш-
аңдар, өйткені кіш-

ұаттардың туысқандық ынтымағы мен
өзара көмектесуі нәтижесінде советтік
патриотизм мен халықтардың мызғымас
достығы қуатты қозғаушы күш болып
өсіп нырайды. Үнемі қолданылатын күш-
ті қару —сын мен өзара сын заманы
өткен ескілікті батыл жоюға көмектесіп
келеді, алдыңғы қатарлы жаңалыққа
жол салып келеді, қоғамдық борышты
өтеуде бұқараны жоғары саналылық жә-
не қатаң талаптылық рухында, жұмыс-
тағы кемшіліктер мен ескіліктің сарқын-
шақтарына төзбеу рухында тәрбиелейді.
Ленинизм біздің адамдарымыздың са-
насындағы капитализм қалдықтарын то-
лық жоймайынша коммунизм орнату
мүмкін емес деп үйретеді.
Еңбекке және социалистік меншікке,
мемлекет мүдделерін сақтауға коммуни-
ше қарамаушылықтың әртүрлі көріністе-
рімен партияның күрес жүргізетін себебі
міне осыдан. Совет адамдарының рухы-
на жат буржуазиялық идеологияның кө-
ріністері түбірімен батыл жойылуда.
Міндет —марксизм-ленинизм іліміне
абден жетілу, еңбекшілерге коммунистік
тәрбие беру ісін бұрынғыдан да кең
өрістетуге, адамдардың санасындағы капи-
тализм қалдықтарына, ұлтшылдықтың
көріністеріне, әртүрлі идеологиялық бур-

Дүние жүзі еңбекшілері Ильичті еске түсіруде

Совет елінің еңбекшілері Ленин күндеріне әзірленуде

Ленинградтың мыңдаған еңбекшілері
осы күндерде В. И. Лениннің Орталық
мүзейінің ленинградтық филиалына ағы-
лып келуде. В.И. Лениннің музей-үйлері-
не келіп жатқан экскурсанттарға шек
жоқ. Солардың бірі Херсон көшесіндегі
№ 5 үйге орналасқан музейге келушілер
бейбітшілік туралы атақты декреттің
төктісі қойылған витринаның басында
ұзақ уақыт тұрысады. Оны Ленин осы
үйді 1917 жылы жазып, Советтердің
Бүкілроссиялық II съезінде қабылданған.
Оңтүстік Сахалиннің мәдениет сарай-
ларында, клубтары мен кітапханаларында
Ильичтің революциялық қызметі мен
өміріне арналған көрмелер ашылды. Ма-
каров қағаз комбинатының үгітшілері
Лениннің ісін алға алып барушы—И. В.
Сталин жолдастың басшылығымен совет
халқының жеңіп алған орасан зор та-
быстарын жұмысшыларға кеңінен түсін-
діруде.
Бұдан 64 жыл бұрын Владимир Ильич
ұйымдастырған студенттердің революция-

Ленин сөйлеген жерде

ЛЕНИНГРАД, 18 январь. (СОТА). Ки-
ров заводының цехтарының біреуінің
қабырғасына ескерткіш тақта орнатыл-
ған. Онда «Осы жерде Ленин сөйлеген»
деген алтынмен жарқыраған жазу бар.
1917 жылы 12 май күні путиловші-
лердің көп мыңдаған адам қатысқан жи-
ынында бүкіл дүниежүзі еңбекшілері
нің көсемі Владимир Ильич Ленин сөйле-
ген болатын. Оның жұмысшыларды бү-
кіл өкметті Советтердің қолына көшіру
үшін, астық, бейбітшілік үшін батыл
күреске шақырған жалынды сөздері зор
орлеу тудырған. Жыйыннан кейін жұ-
мысшылар Ильичті автомобильге қолда-
рына салып көтеріп алып барған, содан
кейін оны Нарва қақпаларына дейін
шығарып салған.
Газ атындағы мәдениет үйінде пути-
ловшілердің жыйынында В. И. Лениннің
сөйлегенін көрсететін картина ілулі тұр.
Осы күндерде Кировшылар ілулі тұрған
осы картинаға жиірек қарайды. Завод-
тың жыйынында Ильичтің сөзін тыңда-

Москвада салтанат қаралы мәжіліс

Біздің Отанымыздың астан-
лары бүкіл совет халқымен
шевиеттер партиясы мен совет
нің негізін салушы, совет
бүкіл дүниежүзілік про-
заттың ұстазы және ұлы
мир Ильич Лениннің жа-
еске түсіруде.
Заводтар мен фабрикалар
мен оқу орындарында үл-
сихатшылар Владимир Иль-
ичиялық қызметі мен өмірі туралы, В. И.
Ленин мен И. В. Сталиннің арасындағы
ұлы достық туралы әңгімелер өткізуде.
18 январь күні астананың 13 аудан-
ында —Ленин, Сталин, Молотов, Киров,
Боминтерін, Ленинград, Тимирязев, Фрун-
зе, Щербаков, Октябрь, Пролетарскі, Пер-
вомайскі және Киев аудандарында сал-
танатты-қаралы мәжілістер болып өтті.
Киров ауданының партия, совет, кәсіп
одақ, комсомол ұйымдары мен еңбекші-
лер өкілдерінің салтанатты қаралы мәж-

қайраткерлернің қатарында айыны советтік патриоттық рухын үстем болуын қамтамасыз етті. Біздің социалистік мәдениетіміздің барлық құралдарының — баспасөздің, насихаттың, ғылымның, әдебиет пен искусствоның ролі бұрынғыдан да төрі арта түсті.

Партияның орасан зор ұйымдастырушылық және тәрбие жұмысы арқасында ленинизм идеялары бұқараның санасын меңгеріп алды, екі ұлы күш — халық пен коммунизм бірігіп, біте қайнады. Ленин — Сталин партиясы тәрбиелеген совет адамдары күнделікті тұрмысы мен жұмысында өздерінің қыймылдары мен әрекеттерін коммунизм орнатудың ұлы мақсаттарына бағындыруды үйренді.

Ұлы көсемдеріміз және ұстаздарымыз Маркстің, Энгельстің, Лениннің, Сталиннің данышпандық шығармалары бізде

қасиеттерді — мақсаттың аңырдығын, мақсатқа жету ісіндегі табандылықты және қандай да болса барлық бөгеттерді елең қылмайтын қайсарлықты тәрбиелеп жетілдіріп келеді. Бізде Ленин — Сталин турпатты басшылардың тамаша кадрлары шыңдалып шықты.

Совет үкметін орнату және нығайту жолындағы күресте, біздің Отанымызды қуатты индустриалы — колхозды социалистік мемлекетке айналдыру жолындағы күресте, сталиндік бесжылдықтарды орындау және асыра орындау жолындағы күресте еліміздің еңбекшілері коммунистік тәрбиенің ұлы мектебінен өтті. Миллиондардың социалистік жарысының барысында адамдардың еңбекке жаңаша көзқарасы тәрбиеленді, еңбекшілердің творчестволық инициативасы мен белсенділігі артуда.

Коммунизм құрылысын социалистік

әзірлік рухында төрелесуді мемлекеттің маңызды іс деп есептейді.

Ленинизм еңбекшілердің ұлы интернационалдық ілімі. Ленинизм — коммунистік қоғам орнату жолындағы совет халқының күрес туы. Ленинизм — халықтық демократия елдері еңбекшілерінің социализмнің жеңуі жолындағы күресінің туы. Ленинизм — бүкіл дүниежүзі еңбекшілерінің бейбітшілік, демократия, социализм жолындағы күресінің туы.

Ленин — Сталин идеясымен совет халқы және барлық елдер еңбекшілері тәрбиеленуде. Ленинизм идеяларымен рухтанған Совет Одағының халықтары большевиктердің ұлы партиясының басшылығымен, Сталин жолдастың бастауымен коммунизмге қарай сеніммен алға басып келеді.

(«Правда»ның 19 январьдағы басмақаласы).

1917—1951 жылдар ішінде ССРО-да В. И. Ленин Шығармаларының басылып шығуы

Біздің елде марксизм-ленинизм классиктерінің еңбегі кең тарауда. Бүкілодақтық кітап палатасының мәліметі бойынша совет өкметі жылдарында К. Маркстің, Ф. Энгельстің, В. И. Лениннің, И. В. Сталиннің шығармалары 889 миллион дана болып басылып шықты.

В. И. Ленин шығармаларының тиражы 222.360 мың данаға жетті. Оның данышпандық еңбектері 78 тілде, соның ішінде Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін жазуы болмаған ССРО халықтарының тілдерінде — лезгин, татар, кабарда, адыгей, хакас, туба тілдерінде, тағы басқа тілдерде шығып тұрады.

В. И. Ленин шығармалары 11 тілде-орыс, украин, белорусс, өзбек, қазақ, грузин, азербайжан, литва, латыш, армян, эстон тілдерінде басылып шығады. Көзір В. И. Ленин шығармаларын орыс, украин, белорусс және латыш тілдерінде басып шығару аяқталды.

В. И. Лениннің жеке шығармалары бірнеше қайтара басылып шықты. «Халық достары деген кімдер және олар социал-демократтарға қарсы қалай кү-

реседі?» деген еңбегі жалпы тиражы 3 миллион 790 мың дана болып 23 тілде, 71 рет басылып шықты. «Россияда капитализмнің дамуы» деген еңбегі 2.534 мың дана болып, «Не істеу керек?» деген еңбегі 4 миллион 705 мың дана болып басылып шықты. «Империализм капитализмнің ең жоғарғы сатысы» деген еңбегі 41 тілде 163 рет басылып шықты 150 рет басылып шыққан «Мемлекет және революция» деген кітаптың тиражы 5 миллион 280 мың данаға жетті. В. И. Лениннің «Бір адым ілгері, екі адым кейін», «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы», «Материализм және эмпириокритицизм», «Пролетарлық революция және ренегат Каутский», «Совет өкметінің кезектегі міндеттері», «Коммунизмдегі солшылдықтың балалық ауруы», «Кооперация туралы», «Ұлы бастама», «Орыс социал демократтарының міндеттері», «Жастар одақтарының міндеттері» деген шығармалары миллиондан дана болып ондаған рет басылып шықты.

(СОТА).

И. В. Сталин Шығармаларының XIII-томы фин тілінде

ПЕТРОЗАВОДСК, 17 январь. (СОТА). Карел-Фин ССР Мемлекеттік баспасы И. В. Сталин Шығармаларының XIII-томын фин тілінде аударып жарыққа шығарды.

Орысша басылуынан фин тіліне аударған БК(б)П Орталық Комитеті жанындағы Маркс-Энгельс-Ленин институтының Карел-фин филиалы.

Искусство мен әдебиет саласындағы сталиндік сыйлықтар комитетінде

17 январьда А. Д. Поповтың председателдік етуімен искусство мен әдебиет саласындағы сталиндік сыйлықтар комитетінің кезекті пленум мәжлісі болды.

Комитет мүшелері 1951 жылы сталиндік сыйлықтар алуға ұсынылған музыкалы шығармалармен танысты. Ірі аспаптық шығармалар, ораториялар, кантаталар, фортепьяномен орындалатын концерттер және симфониялық поэмалар тыңдалды.

(СОТА).

Жылжымалы бұрғылау аспабы

Гидронефтемаш заводы жер қыртыстың зерттеу скважиналарын бұрғылау үшін жылжымалы аспаптың үлгісін жасап шығаруда. Бұл аспап автомашина үстіне, немесе шынжыр табанды прицеп үстіне орнатылады.

Өнеркәсіптік сынақтар бұл аспаптың қалалық жағдайда скважина бұрғылауды жылдамдататынын және жеңілдететіндігін көрсетті.

(СОТА).

«Кітап 7-ші жылы Р. кұрылысы басып шығарылды»



«В. И. Ленин және И. В. Сталин Разливте»
Суретші П.

Дақ ұйымдарының таяудағы міндеттері

мен поезд бригадаларында еңбек ұйымдастыруды жақсарту, демалыс орындарына ұйымдастыру жөніндегі үкмет нұстауының орындалуына жеткіліксіз бақылау жасап келеді. Бірсыпыра кәсіпорындарында тұрғын үйлер мен мәдени тұрмыстық құрылыстың жоспарлары да сылабын орындап отыр.

Кәсіподақтардың Бүкілодақтық Орталық Советі VII пленумының қаулысында аталып көрсетілген көмшіліктердің жалғыз Петропавл теміржол бөлімі емес, сондай-ақ, облыстың басқа да өнеркәсіп орындары мен ауылшаруашылық орындарының жұмысына да қатысы бар. Жұмырда жүргізілген тексерістің нәтижесі кірпіш зауытының құрылысында (бастығы Балакишин, завком председатели Гурьянов жолдастар) 1951 жылы жұмысшылардың еңбегі нашар ұйымдастырылғанын, әйелдердің еңбегін қорғау жөніндегі заңның өрескел бұрмаланып калғанын көрсетті. Жұмысшылардың еңбегін жақсарту мақсатына бөлінген қаржы толық жұмсалмады. Мұның бәрі кірпіш зауыты құрылымы коллективінің өткен жылғы өндірістік жоспарды толық орындауына әкеліп соқты. Осы сияқты, Баян, Семиполка, Ленин, Полудень МТС-терінің, Узынькөл, Шағлы совхоздарының, Мамлют механикалық зауытының әкімшілік басқарушылары коллективтік шартта көрсетілген міндеттемелерді және өндірістік жоспарлардың орындалуын қамтамасыз ете алмады.

Кәсіподақтардың Бүкілодақтық Орталық Советі пленумы шаруашылық және кәсіподақ басшыларынан кездескен көмшіліктерді дереу жоюды, барлық темір жолдар мен бөлімшелерде, құрылыстарда коллективтік шарттың сөзсіз орындалуын қамтамасыз етуді талап етті. Шаруашылық және кәсіподақ ұйымдарының басшылары бұл қаулыдан тиісті қорытынды жасаулары керек.

Кәсіподақтардың Бүкілодақтық Орталық Советі пленумы шаруашылық және кәсіподақ басшыларынан кездескен көмшіліктерді дереу жоюды, барлық темір жолдар мен бөлімшелерде, құрылыстарда коллективтік шарттың сөзсіз орындалуын қамтамасыз етуді талап етті. Шаруашылық және кәсіподақ ұйымдарының басшылары бұл қаулыдан тиісті қорытынды жасаулары керек.

активтермен сүйенбесе, алда тұрған шаруашылық және мәдени құрылыс міндеттерінің ойдағыдай орындалуы мүмкін емес.

Облыс кәсіподақ ұйымдарында кәсіподақ активтерінің саны жылдан жылға көбейіп келеді. Соңғы үш жылдың ішінде кәсіподақ активтерінің саны екі есе өсіп, көзір ол 24 мың адамға жетті. Алайда, атап айту қажет, бірсыпыра кәсіподақ ұйымдары, әсіресе, тұтынушылар кооперациясы қоғамының облыстық комитеті, Петропавл элеваторының жергілікті комитеті және басқа бірнеше осы сияқты кәсіподақ ұйымдары өздерінің төңірегінде кәсіподақ активтерін топтастырып, олармен жұмыс істегісі келмейді. Міне, сондықтан да мұндай кәсіподақ ұйымдарының жұмысы нашар болып отыр.

Пленум қаулысы кәсіподақ ұйымдарының кәсіподақ активтерін көбейтуді, әсіресе, олардың қатарын әйелдер мен жастар есебінен өсіруді, олардың оқуына қамқорлық жасауды талап етті. Өйткені, кәсіподақ активтер— өздерінің қажырлы еңбектерін саналылықпен қоғам үшін аялбай жұмсайтын алдыңғы қатарлы адамдар. Олар кәсіподақ орындарының көмегі мен қамқорлығын қажет етеді. Міне, сондықтан да, кәсіподақ ұйымдарының басшылары активтермен жұмысты негізінен жақсартуы қажет.

Көзір облысымыздың жұмысшылары мен қызметшілерінің жалпы жыйналыстарында, кәсіподақ комитеттерінің мәжілістерінде Кәсіподақтардың Бүкілодақтық Орталық Советі VII пленумының қаулылары талқыланып, оны орындау жөнінде нақтылы шаралар белгіленіп жатыр. Жақында пленум қаулысы аудандық және қалалық кәсіподақ активтерінің жалпы жыйналыстарында талқыланбақ.

Пленум қаулысына сөйкес, көзір 1951 жылғы коллективтік шарттардың орындалуына 1952 жылғы коллективтік

Болгар-совет қоғамы одағының жұмысы

СОФИЯ, 17 январь. (СОТА). Болгар-совет қоғамы одағының көзір 1 миллион 600 мың мүшесі бар. Бұл елдегі ең бұқаралық қоғамдық ұйымдардың бірі болып табылады. Болгар-совет қоғамы соңғы айлардың ішінде ССРО-да коммунистік құрылыстың жеңістері туралы, Болгарияда социализмнің негіздерін қалау туралы, халықтың бейбітшілік жолындағы күресі туралы 30 мыңнан астам баяндама ұйымдастырды. Бұл баяндамаларды 3 миллионға

жуық адам тыңдады. Болгар-совет қоғамы жергілікті жерлерде совет халқының тұрмысы мен еңбектегі жеңістері туралы 5 мыңға жуық фотокармелер ұйымдастырды. Бұл көрмені 2 миллионнан астам адам көрді.

Одақ елде орыс тілін жаппай үйренуді ұйымдастыруға зор көңіл бөледі. Үстіміздегі жылы Болгарияда 87 мың адамды қамтытын орыс тілінің 4200 курсы ұйымдастырылды.

Кореядағы оқыйғалар

Халық армиясы бас командованиясінің хабары

ПХЕНЬЯН, 18 январь. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиясі бүгін Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының құрамалары қытай халық еріктілері бөлімдерімен тығыз бірлесе қыймыл жасай отырып, бар-

лық майдандарда американағылшын интервенттері мен лисынманшыл әскерлерге қарсы қорғаныс ұрыстарын жүргізумен болды, оларды адам күші және техника жағынан шығындарға ұшыратты деп хабарлады.

Американ оккупациялық өкмет орындарының қанаты астында

ШАНХАЙ, 17 январь. (СОТА). Токио радиосының хабарлауына карағанда, Риджуэй штабының мәлімдемесі бойынша, 25 январьда американ оккупациялық өкмет

орындары Сугамо түрмесіндегі жапон сарғыс қылмыстыларының 22 адамдық бір тобын тағы да мерзімінен бұрын босататын көрінеді.

Ливанның көрнекті қоғам қайраткерінің тұтқынға алынуы

БЕЙРУТ, 17 январь. (СОТА). 16 январь күні кешке Ливан полициясы Бүкіл Дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің мүшесі, Ливанның көрнекті прогресшіл қоғам қайраткері Антуан Табетті тұтқынға алған.

«АШ-Шарг» газеті былай деп көрсетеді: Антуан Табетті тұтқынға алу американа авиациясының Кореяның бейбіт қалалары мен селоларына жасаған аяуандық шабуылына қатысқан нәсілі ливандық американа ұшқышы Джабардың насихат жүргізу мақсатымен Ливанға келуіне қарсы халықтың наразылық білдіруімен байланысты.

Газет былай деп жазады: бейбіт адвокаттардың делегациясы «АШ-Шарг» редакциясына келіп, осы редакция арқылы Антуан Табетті тұтқынға алуға қарсы наразылық білдірді. Сонымен бірге, Бүкіл Дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің мүшесі Жорж Ханна бастаған Ливан бейбітшілік жақтаушыларының делегациясы үкмет үйіне барып наразылық білдірді. Ұлттық конгресс партиясының орталық комитеті өзінің мәлімдемесінде полициялық өкмет орындарының әрекеттеріне қарсы наразылық жариялау туралы қарар қабылдады.

Индия коммунист партиясы бас секретарының мәлімдемесі

циялар және методикалық жүйелері баяндамалар тыңдады. Семинарда баяндама жасау, лекция оқу ісіне теориялық және методикалық өзіндіктері мол аудандық партия комитетінің секретарьлары, бөлім меңгерушілері, штаттағы насихатшылары қатысты.

**В. ВОЛОШИН,
Б. ЖАҚЫПОВ.**

Бұл мақала газетте жариялануымен-ақ ҚК(б)П аудандық комитеті колхоз партия ұйымының жұмысына партиялық тексеріс ұйымдастырды. Тексерістің нәтижесінде партия ұйымының жұмысындағы кемшіліктер туралы көрсетілген фактілер толық анықталды. Тексерістің

ескі әдетіне кетті қарағаны үшін колхоз партия ұйымының секретары Есенғұлов жолдасқа сөгіс жарияланды.

Сонымен бірге, ҚК(б)П аудандық комитетінің бюро мәжлісі колхоз партия

талқылауды ұйғарды.
**В. КУРЛОЗ,
ҚК(б)П Булаев аудандық комитетінің секретары.**

Оқу үйлері мен кітапханалар жөнінде

М. И. Калинин «мәдениетті арттыру — ең алдымен, көркем әдебиетті оқу деген сөз» деп үйретеді. «Мен өзім де бар жақсы нәрсенің барлығымен кітаптың алдында үлкен борыштымын. Білім атаулының қайнар көзі — кітапты жақсы көріңіздер» дегенді сүйікті жазушымыз Максим Горький.

Біздің большевиктер партиясы мен совет үкметі кітап адамның өмір таңу дүниесін кеңітіп, еліміздің саяси өміріне белсенді араласуға үлкен көмек көрсетеді деп қарайды; ал, оқу үйі мен кітапхана өз бетімен оқып білім алудың, үгіт-бұқаралық жұмыстың орталығы болуға тиіс деп есептейді.

Өткен 1951 жылдың ішінде біздің облысымызда 3 миллион 390 мың сомның кітабы, соның ішінде 2 миллион 472 мың сомның кітаптары жұмысшылар мен колхозшыларға, интеллигенттерге сатылды. Ал, ауыл-селолық жерлерге сатылған кітаптардың мөлшері 1 миллион 200 мың сомға жуық.

Қаладағы кітапханаларды қоспағанда облыс аудандарында 137 оқу үйі, 37 кітапхана, 18 селолық клубтар жұмыс істейді. 1951 жылы облыстық кітапханаға 6 мыңнан астам, қаладағы Ленин атындағы онжылдық қыз балалар мектебінің кітапханасына 900-ге жуық кітаптар келіп түскен.

Совет адамдарының және совет жастарының білімге, кітапқа деген сүйіспеншілігі өте зор. Оны мынадай фактілер

мен дәлелдеуге болады. Ленин атындағы қыз балалар орта мектебінің 9-класс оқушысы Лидия Березина оқудың бірінші жарты жылдығының ішінде Герцен, Тургенев, Лев Толстой, Сулейманов, Закруткин шығармаларын оқып шыққан.

Үй шаруасындағы әйел А. Г. Кондратьева кітапсыз отыра алмайды. Әдебиет пен ғылымдағы жаңалықтарды біліп отыру оның күнделікті дәстүріне айналған. Кондратьева жолдас 1937 жылдан бері облыстық кітапханадан бірнеше жүздеген кітаптар оқып, өзінің жалпы білім дәрежесін толықтырып, саяси сауаттылығын арттырып келеді.

Жұмысшы Федор Николаевич Поляков 1951 жылдың ішінде газеттер мен журналдарды, ұсақ кітапшаларды қоспағанда, көлемі үлкен 69 кітап оқып шыққан. Ал, механикалық техникумның студенті Есләм Ақмамбаев көркем әдебиет, саяси жаратылыс жөніндегі шығармаларды оқумен қатар, шахмат ойынының тарихы, теориялары және кәзіргі жаңалықтары туралы жазылған кітаптарды үнемі оқиды.

Өздерінің жұмыстарын еңбекшілер мен оқушы балалардың білім көтеру жөніндегі қаулап өскен рухани тілектерін қанағаттандыру мақсатына лайықты ұйымдастырған таңдаулы кітапханаларымыз да бар. Бұлардың қатарына Ленин атындағы қыз балалар онжылдық мектебінің кітапханасын қосуға болады. Кітапхана меңгерушісі Любовь Исаковна Ройтман кітапхана жұмысын үлгілі ұйымдастырған. Кітаптар мен газет, журналдар тәртіплен

орны-орнына қойылып, оқытушылар мен оқушыларға карточкалар толтырылған. Мұндай мысалды тағы келтіруге болады.

Алайда, облысымыздағы кітапханалар мен оқу үйлерінің жұмыстарын тұтас алғанда олар партия мен үкмет саясатын қалың еңбекшілер арасында түсіндіру, ғылым мен техниканың жаңалықтарын көпшілік арасына жеткізіп, насихаттаудың шын маңысындағы орталығына айнала алмай, еңбекшілер көпшілігіне ықпал жасау жөніндегі ардақты борышын өтей алмай келеді. Ал, партия комитеттері мен колхоз, совхоз және МТС-тердегі партия, совет, комсомол ұйымдары кітапханалар мен оқу үйлерінің жұмысына партиялық тұрғыдан мән бермей, оларды білімді, саяси сауатты, маман қадрлармен қамтамасыз ету ісіне жете назар аудармай отыр.

Мәселен, Булаев ауданындағы Возышен селолық кітапханасының меңгерушілігіне арнаулы мамандығы жоқ, білімі өте төмен, оқушылар көпшілігімен жұмыс істегісі келмейтін Е. С. Бондаренко деген біреуді белгілеген. Ал, бұл кітапханада 3500-ге жуық саяси, ғылыми, көркем әдебиет кітаптар бар. Сол сияқты, Соколов ауданының аудандық кітапханасының меңгерушілігіне бес-ақ кластық білімі бар Ю. И. Гриншко жолдасты тағайындаған.

Преснов ауданының Аманкелді атындағы колхозында быыл жаңадан кітапхана ұйымдастырылды. Оған мемлекет жаңадан кітап қорын жасауға 6 мың сом ақша босатты. Бірақ мардымды кітап сатып алынбай, мемлекет босатқан ақша ұсталмай қалды. Ал, сатылып алынған ірілуақты 190 кітап колхоз есепшісінің шкафында тығулы жатыр, өйткені кітапханаға арнаулы бөлінген бөлме жоқ, бөлме

тауып беруді Майбадық ауылдық Советінің председатели Жаңыл Ерсарина жолдас ойлаған емес. Ерсарина кітапханаға ауылдағы үгіт-бұқаралық жұмыстың орталығына айналдырудың қамын қарастырмай, жағдайын ойламай кітапхананың тізімі барлығына мән болып жүр. Сондай-ақ, Приемім ауданындағы Поляков селолық кітапханасы да тұрақты үй болмағандықтан бірде мектепте, егін орағы аяқталғанда колхоз кеңсесіне, сәті түскенде ауылдық Советтің кеңсесіне көшіп-қонып жүретін болған.

4629 кітаптары бар Петропавл аудандық кітапхана аудандық мәдени-ағарту мекемесі орналасқан жалғыз бөлмелі тар үйді. Кітапханаға тиісті үйді аудандық финанс бөлімі иемденіп алған. 2500 кітабы, 500-ден астам оқушы балалары бар Ленин аудандық балалар кітапханасы аудандық кітапханамен бірге жалғыз бөлмелі үйге орналастырылғандықтан балалар арасында ешбір тәрбие жұмысын жүргізе алмай, балаларға керекті кітапты бере алмай отыр.

Октябрь ауданының Балұан ауылдық Советінің оқу үйі мен Преснов ауданының Орман ауылдық Советінің оқу үйінде өткен жылдың ішінде бірде-бір лекция оқылмағанына қарамастан бірінші оқу үйінің меңгерушісі Қалиев 38, екіншісінің меңгерушісі Дөкетбаев 21 лекция оқылды деп жалған мәлімет берген.

Келешекте ауыл-селодағы кітапханалар мен оқу үйлерінің жұмысын партия талап еткеніндей дәрежеге көтеріп, оларды ауыл-селодағы үгіт-бұқаралық жұмыстың орталығына айналдыру қажет. Бұл партия, совет және комсомол ұйымдарының жедел қолға алып, шешетін төл ісі.

Ж. ЖӘКЕНОВ.

да сөйлеп, АҚШ-та басын тұншықтыруға әрекеттардың прогрессивтік тұтқынға алуға әрекетін әшкереледі.

Струнк федеральдықның хабарлаушысы Ф. Кездеспегенін ол жағдайда өзіне айыптау қ

**АНГЛИЯНЫҢ С
ЛОНДОН, 17 январь** швейцария Пресс агентствосі қарағанда, Англияның министрі лейборист январьда Ноуслиде

ПРАГА, 17 январь атенттігі Иранның Мосаддықтың бейбіт дін египеттік комитетінің эзірлік комитетінің Хельминмен жасағаны берді. Әңгіменің бейбітшілікті жақтауының «Масла» деп аталған болатын. Хельмин мен Солтүстік

**«УДАРНИК»
«МАКСИМНИ»
Сеанстар сағат**

**ОБЛЫСТЫҚ
ДЫҚТАУ ҚҰ
ТЫН МЕКЕМ
дықтар, кеңсе
гілетін бричке
арбалар, сып
Адресі: Пет
көшесі № 92**

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы. Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0,22, газет табыс е

Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы полиграфия өнеркәсібі, баспа және кітап саудасы Басқармасының Петропавлдағы Мемлекеттік